

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мажлісінің
депутаттарына

2023 жылғы 22 қыркүйектегі
№ DC-336 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Урбанизация мен ішкі көші-қонның экономикалық негізі туралы депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Жұмыс орындарын құру мәселесіне қатысты

Бұгінгі күні Мемлекет басшысының жұмыс орындарын құру жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында жұмысқа орналасу көрсеткіштері көрсетілген жұмыспен қамтудың өнірлік карталары бекітіліп, 2023 жылғы 19 қазандығы жағдай бойынша 757,3 мың адам жұмысқа орналастырылды, оның ішінде тұрақты орындарға - 551,1 мың және уақытша орындарға - 206,2 мың адам.

Анықтама: 1) Мемлекет басшысының «10 мың адамға 100 жұмыс орны» тапсырмасы шеңберінде – 284,9 мың адам;

2) Ұлттық жобалар шеңберінде 234,6 мың адам (оның ішінде 184,8 мың адам субсидияланатын жұмыс орындарына орналастырылды);

3) бос жұмыс орындарына – 237,8 мың адам.

Мал шаруашылығы өнімдерін шыгару мәселелеріне қатысты

Бұгінгі күні АгроЕнеркесіптік кешенді (АӘК) дамыту тұжырымдамасы шеңберінде «Ауыл Аманаты» – ауыл шаруашылығы коопeraçãoларын дамытуға бағытталған жоба іске асырылуда. 2023 – 2029 жылдар аралығында 1 млн астам ауыл тұрғынын еңбекпен қамту үшін 350 мыңдан астам жұмыс орнын ашу және оған 1 трлн теңге бөлу жоспарлануда. Биыл осы жобаны іске асыру үшін 18 мыңға жуық жұмыс орнын аша отырып, 17 мың шағын несие беруге 100 млрд теңге бөлінді.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығының импортқа тәуелді өнімдерін өндіруді ұлғайтуға мүмкіндік беретін АӘК саласындағы ірі инвестициялық жобаларды іске асыру жұмыстары жүргізілуде. 2023 жылдың жалпы қуаты 373 мың тонна болатын 65 сүт-тауар фермасының құрылышын қаржыландыруға 100 млрд теңге бөлінді.

Бұған қоса, АӘК-тің 2026 жылға дейін арналған инвестициялық жобаларын іске асыру жөніндегі жол картасы жузеге асырылуда. 2022 жылды

5 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылып, 241 млрд теңге сомаға 270 жоба іске асырылды.

2026 жылға дейін жалпы сомасы 2,8 трлн теңгеге 900-ге жуық инвестициялық жобаны пайдалануға беру жоспарлануда.

Қоныс аудару мәселесіне қатысты

Ағымдағы жылдың басынан бастап жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды іске асыру шеңберінде ерікті өңіраалық қоныс аударуга қатысушиларға материалдық көмек, қызметтік тұрғын үйлер немесе жатақханалардағы бөлмелер беру, кәсіптік оқудан өту және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу жөніндегі мемлекеттік қолдау шаралары көзделген.

Осыдан кейін қоныс аударушыларға тұрғын үй сатып алу шығындарының (*сатып алуға, салуға немесе бастапқы капитал ретінде пайдалануға*) 50%-ын өтеуге мүмкіндік беретін экономикалық сертификат беру көзделген.

2023 жылдың соңына дейін «Куатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде 8,6 мыңнан астам адам (1,9 мың қандас, 6,7 мың қоныс аударушы) ішкі ұтқырлықты ынталандыруға жәрдемдесу шараларымен қамтылатын болады. Қазіргі таңда 6,6 мың адам (1,9 мың отбасы) қоныс аударды, оның ішінде 4,8 мың қоныс аударушы және 1,8 мың қандас. Осы іс-шараны іске асыруға 10,1 млрд теңге шамасында қаражат жоспарланған. Осылайша, ерікті қоныс аудару тетігін іске асыру қолданыстағы құжаттармен жалғасатын болады (2023 – 2027 жылдарға арналған көші-қон саясаты тұжырымдасты және «Куатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы).

Астана және Алматы қалаларының бас жоспарларына қатысты

Астана және Алматы қалаларының бас жоспарларының жобаларында маятниктік көші-қонды қоса алғанда, көші-қон тенденциясын мұқият талдауға және болжауға ерекше назар аударылады, бұл қалалардың тұрақты және тиімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Жүргізілген талдау негізінде Алматы қаласында көші-қон өсімі 2021 жылы 27,9 мың адамды, ал 2022 жылы 36,5 мың адамды құрады.

Осылайша, Алматы қаласының бас жоспары көші-қонның өсуін және қала тұрғындарының қажеттіліктерін ескере отырып, тұрғын аудандарды дамыту бойынша стратегиялық шешімдерді қамтиды.

2035 жылға дейін Астана қаласында жаңа 507 мектеп, 93 деңсаулық сақтау нысанын және жалпы орын саны 13,1 мың болатын мектепке дейінгі мекемелер салу жоспарлануда.

Анықтама: Астана қаласы халқының саны жобалап алғанда 2035 жылға қарай 2,3 млн адамды құрайды.

Астана және Алматы қалаларында жұмыс орындарын құру мәселелеріне қатысты

Астана қаласында 2024 – 2028 жылдары кадрларға деген болжамды қажеттілік: 2024 жылы – 5,9 мың адам, 2025 жылы – 5,4 мың адам, 2026 жылы – 5,2 мың адам, 2027 жылы – 5,1 мың адам, 2028 жылы – 5,7 мың адам.

Алматы қаласында өнеркәсіп, құрылыш, ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы, көлік және қоймалау, білім беру, деңсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, сауда, тұру және тамактану, ақпарат және байланыс,

қаржы және сақтандыру қызметі, жылжымайтын мүлікпен операциялар, мемлекеттік басқару, қорғаныс, өнер, ойын-сауық және демалыс салаларында еңбек ресурстарына қажеттілік 10,9 мың адамды құрайды.

Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері жаңа жұмыс орындарын құру және сұранысқа ие мамандықтарды талдау, мониторинг жүргізу жұмыстарын жүйелі негізде атқаруда. Тиісті деректер «Жұмыс орындарын құрудың интеграцияланған картасы» ақпараттық жүйесіне уақтылы енгізіледі.

Ә. Смайылов

орынд: Ә.З. Тәутеев
Тел.: 75-00-90